



ОБНОВИЛСЯ «БАНК ИДЕЙ»
ДЛЯ РАЦИОНАЛИЗАТОРСКИХ
ПРЕДЛОЖЕНИЙ



ЗАУЫТ ҚЫЗМЕТКЕРІ ҚАЛА
ӘКІМІНІҢ АЛҒЫС ХАТЫН
ИЕЛЕНДІ

ПРОВЕРКИ

Аудит: «С КАЧЕСТВОМ НА ЗАВОДЕ ВСЁ ХОРОШО»



Успешной назвали аудиторскую проверку интегрированной системы менеджмента (ИСМ) на Атырауском нефтеперерабатывающем заводе аудиторы филиала ООО «Интерсертифика-ТЮФ» совместно с ТЮФ «Тюринген» в Республике Казахстан.

Интегрированная система менеджмента на АНПЗ функционирует с 2010 года, и уже четырежды подтвердила свою состоятельность сертификатами при проверках. ИСМ на заводе по совокупности включает в себя: систему менеджмента качества (ISO 9001), экологического менеджмента (ISO 14001), менеджмента охраны труда и техники безопасности (ISO 45001) и энергетического менеджмента (ISO 50001).

Внедрение ИСМ на заводе помогло добиться соответствия требованиям внешнего рынка и добавило большое количество внутренних преимуществ предприятию. Например, при помощи системы стало возможным определить Политику и стратегические направления, разработать цели на текущий период времени и процессный подход к управлению рисками системы менеджмента, создать правила управления документированной информацией и пр.

В связи с истечением срока действия сертификатов по указанным

стандартам, а также согласно Программе операционных улучшений ТОО «АНПЗ» для повышения эффективности управления активами на основе требований международного стандарта ISO 55001, с 11 по 13 июля на заводе прошла первая ступень, а с 25 по 29 июля – вторая ступень «большого» сертификационного аудита.

– Аудит закончился. Мы посетили все необходимые подразделения, получили объективные свидетельства проверяемых стандартов. Рекомендации высказаны. Надеюсь, что вы о них не забыли, они помогут под другим углом посмотреть на работу, которую вы делаете в рамках интегрированной системы менеджмента, – сказал на заключительном совещании руководитель команды аудиторов Дмитрий БЫСТРОВ.

Главный аудитор рассказал, что в части комбинированного аудита (экология, охрана здоровья и энергоменеджмент) официально зафиксировано 22 несоответствия стандартам. 13 из

них носят статус не критических, остальные – критические. Все случаи были прописаны и обсуждены с профильными службами. Подразделения, в которых они были выявлены, тоже своевременно ставились в курс дела, а отсюда ещё в ходе проверки предоставляли материалы, подтверждающие устранение фактов несоответствия. Неотработанных осталось два, но они относятся не к производственной деятельности, а к оформительской части функционирования интегрированной системы менеджмента. На устранение этих несоответствий много времени не потребуется, и, как только документы будут готовы, можно будет сказать, что аудит прошел положительно.

Приводить все несоответствия Быстров не стал, рекомендовал точнее работать с оформлением нормативных документов; обучить сформировавшийся после всех ротаций коллектив внутренних аудиторов; руководителям – найти время и разъяснить персоналу сложно написанные требования простыми и понятными словами и пожелал помнить, что производство – это единый коллектив, и в случае проверок не перенаправлять проверяющих работу менеджмента в другие кабинеты и на верхние этажи, а помнить, что такое поведение вызывает вопрос, есть

ли вообще интегрированная система менеджмента на заводе.

Из положительного аудиторы отметили высокий профессионализм и мотивированность линейных руководителей, человеческое восприятие тех требований, которые проявляются в виде инструкций, правил и процедур. Похвалили службу, задействованные в ТОРО, назвали профессиональным и хорошо слаженным тандемом работу отдела обеспечения надежности и бухгалтерии. За высокую организацию данного мероприятия отметили Службу управления рисками и внутреннего контроля, которая стала инициатором проверки и координатором плана аудита. Выразили личную благодарность за сотрудничество ведущему специалисту по внутреннему контролю Айнуру ЖАУЛИНОЙ, инженерам службы БиОТ и отдела ООС – Саламату ТОКТАБАЕВУ и Ивану БАЙКЕЕВУ, сопровождавших аудит.

– Я всех поздравляю. Безусловно, аудит успешный, у вас действительно всё очень хорошо. Мы увидели много правильных нужных вещей, которые предпринимаются для создания безопасного и экологически чистого, в меру энергетически эффективного производства. С качеством у вас все прекрасно. Гигантскую работу проделали, оценка очень хорошая. Для 5 стандартов, 8 аудиторов и вашей огромной численности 22 несоответствия – это, считайте, что их нет, – подытожил свое выступление Д. Быстров.

В заключение мероприятия выступил главный инженер АНПЗ Рахимжан ЖАНГАБЫЛОВ.

– Основной принцип сертификации – это постоянное непрерывное улучшение бизнес-процессов. Интегрирование систем менеджмента, которые отвечают требованиям одновременно нескольких международных стандартов, является перспективной для стабильного развития предприятия. Руководство завода это прекрасно осознает и поддерживает, – заверил он и поблагодарил задействованный в проверке коллектив, а также аудиторов – за сотрудничество.

Ирина КОЗОНОВА
Фото Раимбека ЖАНИБЕКОВА

QAÝIPSIZDIK

SAPA

TURAQTYLYQ



БЕЗОПАСНОСТЬ

КАЧЕСТВО

СТАБИЛЬНОСТЬ

БАЙҚАУ



«ҮЗДІК МАМАН» БАЙҚАУЫНЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Ағымдағы жылдың 26 шілдесінде «Үздік маман» байқауының бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша жиналыс өтті. Жиналысқа комиссия төрағасы, бас директордың өндіріс жөніндегі бірінші орынбасары – бас инженердің міндетін атқарушы А. Сахауов, комиссия мүшелері мұнай-химия жөніндегі басқарушы директор Б. Жандауов, мұнай өңдеу және күкіртсіздендіру процестері жөніндегі басқарушы директор А. Ермышев, тауар өндірісі және ішкі логистика жөніндегі басқарушы директор О. Самаркин, бас технолог Н. Хакимов, персоналды басқару және еңбекақы төлеу департаменті директорының міндетін атқарушы Г. Достанова және персоналды басқару бөлімі басшысының міндетін атқарушы М. Есполова қатысты.

Осыған дейін қатысушылар «Үздік маман» байқауының бірінші кезеңінің турларынан өтті. Естеріңізде болса іріктеу турында зауытымыздың өндірістік бөлімше қызметкерлерінің арасынан таңдау жүргізілді. Ал аралық турда олар электронды тест сұрақтарына жауап берсе, практикалық турдың да 3 кезеңді сынағынан өтті. Практикалық турдың бірінші кезеңінде қатысушылар «зардап шегуші» рөліндегі роботтың тамыр соғысын анықтап, жүрек-өкпе реанимациясын жүргізді, екінші кезеңінде әр команда тыныс алу органдарын қорғау құралдарын пайдаланып, өртті төсем және өрт сөндіргішпен сөндіруді жүзеге асырды, ал үшінші кезеңінде кәсіби дағдыларын тексеру бойынша тапсырмалар орындады. Енді міне, зауытшілік «Үздік маман» байқауының бірінші кезеңі қорытындыланды. Финал турына алдыңғы турлардан жоғары балл жинаған 46 қызметкер қабылданды. Комиссияның мүшелері еңбек өтілдеріне сай екі санат бойынша «Технологиялық қондырғылар операторы», «Технологиялық сорғылар машинисі», «Технологиялық компрессорлар машинисі» және «Химиялық сараптама лаборанты» номинация үздіктерін айқындады.

«Технологиялық қондырғылар үздік операторы» номинациясы бойынша еңбек өтілі 3 жылдан аспайтын 30 жасқа дейінгі қызметкерлерден хош иісті көмірсутектерді өндіру қондырғысының (УПАУ) технологиялық операторларынан I орынды Рафаэль

Фаткеев, III орынды Бағдат Прімқұл және Саламат Орынбаев иеленді. Ал жалпы еңбек өтілі 3 жылдан астам қызметкерлерден I орынды гидрогендік процестер өндірісінің (ПГП) олигомеризациялау, газ фракциялау және төмендетілген көмірсутекті күкіртсіздендіру қондырғысының технологиялық операторы Бексұлтан Дүйсенғұл, II орынды күкірт және кокс өндірісінің (ПКИС) құрамдастырылған күкірт өндіру қондырғысының технологиялық операторы Бақтыбек Бектемісов және хош иісті көмірсутектер өндірісінің (ПАУ) ССР каталитикалық рифор-

минг қондырғысының технологиялық операторы Абылайхан Кизатов, III орынды мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін тереңдетіп күкіртсіздендіру өндірісінің (ПННГО) АТ-2 технологиялық қондырғысының операторы Самғат Ибрамов, гидрогендік процестер өндірісінің (ПГП) айналмалы сумен жабдықтау блогының аппаратшысы Асель Әбілхайырова жеңіп алды.

«Технологиялық сорғылар үздік машинисі» номинациясы бойынша 3 жылдан аспайтын 30 жасқа дейінгі жас қызметкерлерден I орынды мұнайды тереңдетіп өңдеу өндірісінің

(ПГПН) RFCC каталитикалық крекинг қондырғысының технологиялық сорғылар машинисі Шерхан Сабыров, II орынды хош иісті көмірсутектерді өндіру қондырғысының (УПАУ) технологиялық сорғылар машинисі Мұхаммад Бекқалиев, III орынды мұнайды тереңдетіп өңдеу өндірісінің (ПГПН) RFCC каталитикалық крекинг қондырғысының технологиялық сорғылар машинисі Болатбек Еркебай, ал еңбек өтілі 3 жылдан астам қызметкерлерден III орынды күкірт және кокс өндірісінің (ПКИС) құрамдастырылған күкірт өндіру қондырғысының технологиялық сорғылар машинисі Нұрлан Матжанов місе тұтты.

«Технологиялық компрессорлар үздік машинисі» номинациясы бойынша жалпы еңбек өтілі 3 жылдан астам қызметкерлерден I орынды хош иісті көмірсутектер өндірісінің (ПАУ) (ССР) каталитикалық риформинг қондырғысының технологиялық компрессорлар машинисі Ринат Бекқайыров, II орынды гидрогендік процестер өндірісінің (ПГП) каталитикалық крекинг нафтасын селективті гидрлеу қондырғысының технологиялық компрессорлар машинисі Александр Махрин, III орынды гидрогендік процестер өндірісінің (ПГП) газойлді гидротазарту және депарафинизациялау қондырғысының технологиялық компрессорлар машинисі Нұрбол Оразғалиев, жылу және электр энергия өндірісінің (ПТи-ЭЭ) ауа-компрессорлық қондырғысының машинисі Ерболат Жұмағазиев иеленді.

«Химиялық сараптама үздік лаборанты» номинациясы бойынша еңбек өтілі 3 жылдан аспайтын 30 жасқа дейінгі жас қызметкерлерден I орынды «ОЗЗ» сынақ орталығының сапаны басқару тобының химиялық талдау зертханашысы Нұршат Нәдірбай, «ОЗЗ» сынақ орталығының мұнай және мұнай өнімдері зертханасының химиялық талдау зертханашыларынан II орынды Перизат Айтқали, III орынды Аида Мұхамбетова жеңіп алды. Ал жалпы еңбек өтілі 3 жылдан астам қызметкерлерден I орынды «ОЗЗ» сынақ орталығының санитарлық-өнеркәсіптік зертхананың химиялық талдау зертханашысы Райымгүл Тлепова, II орынды «ОЗЗ» сынақ орталығының бақылау зертханасының химиялық талдау зертханашысы Майя Жұмалиева, III орынды «ОЗЗ» сынақ орталығының санитарлық-өнеркәсіптік зертхананың химиялық талдау зертханашысы Гүлмира Базарғалиева және «ОЗЗ» сынақ орталығының мұнай және мұнай өнімдері зертханасының химиялық талдау зертханашысы Анаргүл Стамғалиева ұтты.

Осымен кәсіпорында зауытшілік «Үздік маман» байқауының бірінші кезеңі өз мәресіне жетті. Айта кетсек, «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен қазан айының 3-7 аралығында Қызылорда қаласында өтетін «Үздік маман» байқауының екінші кезеңіне зауытымыздың үздіктері – Бексұлтан Дүйсенғұл, Нұршат Нәдірбай, Ринат Бекқайыров қатысады. Олардың жеңістері зауытымыздың имиджін асқақтатуға үлкен септігін тигізери анық. Сондықтан зауыт ұжымының атынан жеңімпаздарға сәттілік пен жеңіс тілейміз.

Аида ҚАНАТАЕВА
Суретке түсірген
Бейімбет АМАНТАЕВ



ЦИФРОВИЗАЦИЯ

ОБНОВИЛСЯ «БАНК ИДЕЙ» ДЛЯ РАЦИОНАЛИЗАТОРСКИХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ

Известно, что одним из факторов успешного развития производства является участие и инициатива его работников. И здесь на первый план для КазМунайГаза выходит мотивация сотрудников, которым важна возможность воплощения собственных профессиональных идей, признание коллег и поддержка руководства.

Для амбициозных прорывных технарей и идейных сотрудников группы компаний КМГ в 2015 году была запущена системная платформа «Банк идей», и в следующем, 2016-м, АНПЗ стал финалистом конкурса «Лучший рационализатор» в группе компаний АО «КазМунайГаз-ПМ». В последние годы количество новаторских предложений и одобренных идей на онлайн-платформе снизилось. В этой связи было решено обновить и перестроить систему «Банка идей». Сегодня эта цифровая платформа стала более совершенной, благодаря современным технологиям.

О нововведениях в работе платформы работникам АНПЗ рассказали **Абай НАКИПБЕКОВ** – ведущий специалист сектора цифровизации Департамента цифровизации и трансформации АО «НК «КазМунайГаз», **Аскар САРСЕМБАЕВ** – начальник отдела развития производства и ведущий инженер технического отдела Тимур РУСАЕВ ТОО «АНПЗ».



– Мы полностью поменяли интерфейс платформы, актуализировали систему, максимально расширили функционал, сделали её еще более доступной и удобной для пользователей, – рассказал Абай Накипбеков. – Зарегистрировать заявку может любой работник завода, сбор идей и предложений – от подачи заявки до её реализации – полностью автоматизирован. Потенциальный рационализатор может, например, отслеживать статус своей заявки в системе или сделать предварительный расчет по вознаграждению. Добавлю, что и в бумажной версии свою идею подать по-прежнему можно, её в Банк идей внесет администратор системы.

Поступившие предложения рассматривает комиссия экспертов из профильных специалистов. В системе к экспертам можно обратиться с вопросами. Вознаграждение за рацпредложение будет напрямую зависеть от будущего эффекта от его внедрения. Но и за

идею, имеющую потенциал к реализации, тоже предусмотрена денежная мотивация. Среди лучших рационализаторов группы «КазМунайГаз» будет проводиться ежегодный конкурс. Помимо заводов, платформа охватит и другие компании КМГ. Тем самым появится возможность для обмена успешным опытом между представителями разных бизнес-направлений «КазМунайГаза» на единой площадке. Этому поможет архив всех предложений, поступивших за годы использования системы. До конца года будет разработано мобильное приложение.

Всего с 2015 года на онлайн-платформе «Банк идей» зарегистрировано более шести тысяч пользователей, обработано 539 идей, из них 193 признаны эффективными.

На АНПЗ с 2016-го по 2021 год внедрены 32 из 158 принятых рационализаторских предложений.



– Активные сотрудники АНПЗ уже успели зарегистрироваться в новом «Банке идей». Хочу напомнить пользователям онлайн-платформы, что основная цель её изменения – это отлаженная автоматизированная система взаимодействия руководства с работниками и мотивация заводчан к разработке инновационных предложений, – говорит Аскар Сарсембаев.

В общем, если есть идея – не нужно «носить» её в голове, ждать подходящего момента, чтобы поговорить с руководством, нужно просто открыть idea.kmg.kz, зарегистрировать своё предложение, а там с ним ознакомятся все – вплоть до самого «высокого» начальства.

Дерзайте, заводчане!

Ирина КОЗОНОВА
Фото **Беймбета АМАНТАЕВА**

ВНИМАНИЕ, КОНКУРС!

«КазМунайГаз» объявляет о старте конкурса «Лучшие инновационные идеи и практики в области охраны здоровья, труда и окружающей среды группы компаний» среди сотрудников.

Для участия в конкурсе необходимо заполнить заявку и отправить на электронный адрес: annual.hse.award@kmg.kz.

В 2021 году КМГ взяла на себя обязательства о декарбонизации деятельности, в связи с чем наряду с идеями в области охраны здоровья, труда и окружающей среды принимаются заявки по проектам для низкоуглеродного развития. Приветствуются идеи, желательно с расчетами, в области снижения энергоёмкости и углеродоемкости производства, использования возобновляемых источников энергии, снижения выбросов парниковых газов.

Заявки принимаются до 10 октября 2021 года. После регистрации все заявки будут направлены в соответствующие организации группы компаний КМГ для отбора.

Идеи будут рассмотрены комиссиями трех уровней: I уровень – организации группы компаний КМГ, II уровень – структурные подразделения КМГ, III уровень – топ-менеджмент КМГ. Каждая заявка, получившая оценку 9 и выше, переходит на рассмотрение комиссией следующего уровня, до определения 3 заявок победителей.

Основные критерии оценки идей:

1. Лидерство, продемонстрированное в сфере ОТ, ТБ и ООС.
2. Возможность переноса на все компании группы КМГ – возможность масштабного внедрения и реализации идеи/практики.
3. Повышение ценности за счет снижения себестоимости, уровня рисков, недопущения инцидентов и предотвращения ответственности за последствия.

По итогам конкурса победители третьего тура, занявшие 1, 2 и 3 места, будут удостоены следующих наград:

- 1 место – Почетная грамота и 500 МРП.
- 2 место – Почетная грамота и 300 МРП.
- 3 место – Почетная грамота и 100 МРП.

Церемония награждения будет приурочена ко Дню независимости Республики Казахстан.

Заявка для участия в ежегодном конкурсе председателя Правления АО НК «КазМунайГаз» «Лучшие инновационные идеи и практики в области охраны здоровья, труда и окружающей среды группы компаний АО НК «КазМунайГаз»

1	ФИО	
2	Организация	
3	Структурное подразделение	
4	Филиал	
5	Подразделение	
6	Цех	
7	Должность	
8	Описание инновационной идеи:	
9	Графическое изображение (диаграммы, схемы, рисунки при наличии):	
10	Ваша заявка будет оцениваться по следующим критериям: <ul style="list-style-type: none"> • Как внедрение Вашей идеи на производстве сократит отрицательное воздействие производственной деятельности на здоровье, безопасность труда и/или окружающую среду • Насколько возможно повторное моделирование на всех подразделениях КМГ. • Ценность идеи в денежном эквиваленте, какую прибыль компании принесет внедрение Вашей идеи. 	

Примечание: Для соблюдения прозрачности конкурса, все заявки будут направлены в Центральный аппарат АО НК «КазМунайГаз».

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ



ЗАУЫТ ҚЫЗМЕТКЕРІ ҚАЛА ӘКІМІНІҢ АЛҒЫС ХАТЫН ИЕЛЕНДІ

2013 жылдан бастап елімізде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы жылма-жыл үздіксіз өткізіліп жүр. Ұлттық конкурс – отбасы мәртебесін жоғарылатуға, ата-аналардың балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыруға, рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттау мақсатында ұйымдастырылады. Биыл ұйымдастырылған конкурсқа зауытымыздың қызметкері Райхан Хасанова отбасы мүшелерімен бірге қатысты.

Райхан Хасанова өзінің отбасын бақытты отбасылардың бірі деп есептейді. Оны жолдасымен табыстырған – ел экономикасының күре тамыры саналатын – мұнай-газ саласы. Осыдан 36 жыл бұрын, бірі – Атырау атырабындағы мұнай өңдеу зауытына, бірі – осы салаға бағытталған кәсіпшілікке жолдама алған екі бірдей жас маман көңіл жарастырып, шаңырақ көтерді. Қазіргі кезде Райхан Хасанова Атырау мұнай өңдеу зауытындағы «ОЗЗ» сынақ орталығының реакторлар мен газдар лабораториясының химиялық талдау лаборанты болып қызмет атқарады. Ал жолдасы Жирентай Ихсанғалиев «КазКом-Сервис» ЖШС кәсіпорнында құрылысшы болып еңбек етеді. Олардың араларында 2 ұл мен 2 қыз бар. Шаңырақтың үлкен қызы Гүлнұр Тұманова жеке кәсіпкерлікпен айналыса, одан кейінгі қызы Жанар Ихсанғалиева анасына ұқсап зауытымызда химиялық талдау зертханашасы болып қызмет атқарады. Екі қыз да тұрмыс құрып, көп

балалы аналар атанып отыр. Қазіргі күнде Райхан Хасанованың 7 немере-жендері бар. Осындай бірлігі жарасқан отбасының қыздардан кейін дүниеге келген үлкен ұлы Нұрлыбек Ихсанғалиев отбасының қорғаны, елінің тірегі болу үшін Ақтау қаласындағы әскери бөлімде капитан қызметін атқарып жүр. Кенже ұлы Сұлтанбек Ихсанғалиев зауытымыздың мұнай және мұнай өнімдері зертханасында мотормен сынау жөніндегі машинист болып қызмет етеді. Райхан Хасанова өз сөзінде үнемі балаларына кітап оқындар, жақсы ойларды ғана ойлаңдар, себебі өмірлерінің барлығы кинодағыдай сценарий болып өмірлерінде қалады деп, нұсқау беретінін айтып өтті. Ол өз ісінің маманы ғана емес, оның бойында жұрт біле бермейтін өнері де бар. Ол маталардың қалдығынан құрақ жастық, көрпе, түрлі-түсті дорбалардан дәліздерге арналған әдемі кілемшелерді тоқиды. Осы бір қасиетті ұрпағының бойына дағды ғып дарытуды ойлаған

Райхан Хасанова немере-жиендерін үй шаруасына араластырып, қол өнерге баулиды. Ол отбасының баршылықта өмір сүруі үшін аянбай еңбек етіп келді. Осыған дейін оған зауыт атынан көпжылдық және мінсіз еңбегі үшін марапаттар да берілген, атап айтқанда: 2005 жылы «АМӨЗ» ЖШС Кәсіподақ ұйымы «Құрмет Грамотасы», 2009 жылы «Алғыс», 2010 жылы «Құрмет тақтасы», 2017 жылы «АМӨЗ» ЖШС Кәсіподақ ұйымы «Құрмет Грамотасы», 2017 жылы «Зауыт ардагері» атағы т.б.

20 шілдеде қала әкімі Мейірім Қалауи атынан Ихсанғалиевтер әулетіне «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының Атырау қалалық кезеңінде белсенділік танытқандары үшін алғыс хат табысталды. Расында бұл әулеттің бір-біріне деген бауырмалдығы, әке мен анаға деген құрметі ерекше.

Айдана ҚАНАТАЕВА
Суретке түсірген
Райымбек ЖӘНІБЕКОВ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ҚҰРМЕТТІ ЗАУЫТТЫҚТАР!

«АМӨЗ» ЖШС
Бас директоры
**МУРАТ АБИЕВИЧ
ДОСМУРАТОВТЫҢ**
серіктестіктің
құрылымдық бөлімшелері
еңбек ұжымдарының
делегаттарымен бірінші
жартыжылдықтың
қорытындысы бойынша
есептік кездесуі
**2022 ЖЫЛДЫҢ
19 ТАМЫЗЫНДА**
өтеді.

ВНИМАНИЕ!

УВАЖАЕМЫЕ ЗАВОДЧАНЕ!

Отчетная встреча
генерального директора
ТОО «АНПЗ»
**МУРАТА АБИЕВИЧА
ДОСМУРАТОВА**
с делегатами трудовых
коллективов структурных
подразделений
Товарищества по итогам
первого полугодия
состоится
**19 АВГУСТА
2022 ГОДА.**

СҰРАДЫҢЫЗ БА? ЖАУАП БЕРЕМІЗ!

БІЛІМ БАРДА ШЫҒЫН БОЛМАЙДЫ

Гидрогендік процестер өндірісі, мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін тереңдетіп күкіртсіздендіру өндірісі, мұнайды тереңдетіп өңдеу өндірісі, жылу және электр энергия өндірісі, хош иісті көмірсутектерді өндіру өндірісінен сұрақ:

Жоғарыда аталған өндірістердің қызметкерлері демалыс күндері (ауысымалық демалыс) 7-8 сағаттық бағдарлама бойынша оқуға келуге міндетті. Не себепті бұл күнге жұмысшы ретінде төлем жасалмайды?

Жауап:

- Кәсіпорын қызметкерлерге жаңа білім алуға және бұған дейінгі бар білімдерін нығайтуға мүмкіндік береді. Оқыту жұмысшыларға қондырғыларды іске қосуға және сол жөнінде білім дағдыларын жетілдіруге, оларды апатсыз пайдалану дағдыларын меңгеруге, күрделі жағдайларда теориялық тұрғыдан дұрыс шешім қабылдауға ықпалын тигізеді. Қызметкерлер білім ала отырып, авариялық және басқа да форс-мажорлық жағдайлар кезінде қажетті іс-қимылдар алгоритмі туралы меңгереді. Білім - күрделі өндірісте жайлы әрі сапалы жұмысты қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорынға үлкен шығын әкелетін төтенше жағдайларға жол беру қаупін азайтуға көмектеседі.

«НОВАТОР» басылымы
№16. 12 тамыз 2022 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gerona» ЖШС
баспаханасында басылды.
Алматы қ, Помяловский к-сі,
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс № 1185

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС
ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:
бастығының м.а. Ш.Қақимжанова
«MEDYAGROUP» ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
редакторлар: И.Козонова,
А.Қанатаева.

Газет
Қазақстан Республикасының
баспасөз және бұқаралық
ақпарат министрлігінде
1992 жылғы 27 мамырда
тіркеліп, тіркеу туралы
№790 күәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

НОВАТОР